

«№4 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ



«Бекітемін»
Мектеп директоры:

С.Ж.Шуйтенов

*Дарынды оқушылармен
жүргізілетін жұмыс жоспары
(2021-2022 оқу жылы)*



Ақтөбе қаласы 2021жыл

Түсінік хат

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деген Абай . Ұлы ақын сөзі еш уақытта өз мәнін жойған емес. Озық ойлы білімдар адамдар заманның дамуына өз үлесін қосады. Ойлау, іздену-табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылары да сөзсіз. Қабілет іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Дегенмен табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей,біреуге көптеу, біреуге аздау, ал үшіншілеріне мүлдем жарытпай тарататыны да анық. Қазірге дейін ғылым мен тәжірибеде дарындылық туралы екі түрлі көзқарас бар. Біреулері кез-келген бала дарынды, тек уақытында нақты қабілетін анықтап, дамыту керек десе, ал қарсы көзқарастағылар дарындылық өте сирек құбылыс, жалпы адамдардың өте аз тобына ғана тән дейді.

Дарынды, жас талапты жастар – бүгінгі егеменді еліміздің жарқын болашағы. «Бізге керегі – шын дарындар. Нарыққол-аяғымызды қалай қыспасын мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, тарлан боз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті», - деп еліміздің болашағы жастарға үлкен мән берген.

Сонымен, **дарынды** дегеніміз – адамзат баласының басқаларға қарағанда ерекше ойлау, талдау, еске сақтау қабілеті бар шығармашылық пен табысты жұмыс істейтін еңбекқор адамдарда /оқушыларда/ кездесетін қасиетті айтамыз.

Дарындылықты анықтаудың мынадай параметрлері бар.

Оқушының танымдық /білім/ іс-әрекетінің басқа оқушылардан озық дамуы

Психологиялық жоғары дамуы

Дені сау ,жан-жақты толық дамуы

Ойлау қабілетінің озық болуы

Айналадағы құбылыстарды не басқа процесстерді етеңе жақын түсінуі

Туа бітті шығармашылық қабілеттің

Дарындылықты анықтау критерийлері

Теориялық материалды толық игеруі

Материалды игеруде табандылық көрсетуі/бастап кетпеуі/

Алынған білімді әр сабақ сайын дамыту

Өз ойларын баяндағанда ғылыми терминологияны пайдалану

Пәнді игеруде негізгі проблеманы бөліп алуы және өз алдына шеше алуы

Өзіне-өзі талап қоя білуі

Тапсырылған жұмысты сапалы орындауы

Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс түрлері

Оқушының тарау бойынша өз бетімен тест құра білдіруі

Тақырып бойынша модель құруға үйрету

Алынған білімдерді әр сабақ сайын дамыту.

Өз ойларын баяндағанда ғылыми терминологияны пайдалану

Пәнді игеруде негізгі проблеманы бөліп алуы және өз алдына шеше алуы

Өзіне – өзі талап қоя білуі

Тапсырылған жұмысты сапалы орындалуы.

Мақсаты:

Мұғалімдер мен мамандардың жетекшілігімен оқушылардың оқу пәні бөлімі ғылым саласы, өнер және техника бойынша зерттеу, шығармашылық, тәжірибе, іс-әрекет білімі мен іскерлігін қалыптастыруға мүмкіндік жасау, олардың танымдық қызығушылығын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін, ақыл-ойын (интеллект) дамытуға ұмтылдыру.

Міндеттері:

- Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу бағытымен таныстыру;
- Оқушылардың жоғары деңгейіндегі саналы білім мен іскерлігін көтеруге мүмкіндік жасау;
- Оқушылардың жүйелі ғылыми көзқарасын қалыптастыра отырып, зерттеу және шығармашылық іс-әрекеттерін, қызығын, қабілетін арттыру;
- Өз еркімен қалаған ғылыми саласы бойынша мамандықты дұрыс таңдауға, алған білімін тиімді пайдалана білуге ұмтылдыру.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

- Шағын тақырыптық шығармалар, әңгіме-эсселер жаздыру;
- Зерттеу-ізденіс жұмыстарын тапсыру;
- Тақырыптық талдау тапсырмаларын орындату.
- Логикалық тапсырмалар орындау

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылардың шығармашылық-даралық қасиеттерін тану;
- Нәтижелі жеңістерге қол жеткізу.

Жұмыс жоспары:

Өткізілетін іс-шаралар	Уақыты	Жауапты	Аяталу нысаны
I. Ұйымдастыру шаралары			
Дарындылықты анықтауға арналған психологиялық зерттеулер, мінездемелер	Қыркүйек	Нурбайрова.Б.Т Психолог Садыкова Н.	Тізім Мәлімет
Оқушылардың дарындылық бағытына қарай секцияларға бөлу. Олимпиада резервтерінің тізімдерін жасау. Ғылыми жобаға қатысатын оқушыларды анықтау.	Қыркүйек		
II.1. Пәндік олимпиадаларға дайындық бағытындағы жұмыстар			
Мектепішілік пәндік олимпиада (8-11-сыныптар)	12.10- 20.10	ДФӘІЖО ӘБЖ Пән мұғалімдері	Анықтама
Аймақтық пәндік олимпиадаға дайындық жұмыстары	Қазан	Нурбайрова.Б.Т ӘБЖ Пән мұғалімдері	Анықтама
Қалалық пәндік олимпиадаға дайындық жұмыстары	Қараша	Пән мұғалімдері	Хаттама
Мектепішілік, аймақтық пәндік олимпиада қорытындысын талдау	23.11	Сейлова.А.Т ӘБЖ	Хаттама

Қалалық пәндік олимпиада қорытындысы: талдау, ұсыныс	Желтоқсан	Сейлова.А.Т ӘБЖ	Анықтама
Кіші пәндік олимпиадаға дайындық жұмыстары	Желтоқсан-ақпан	Нурбайрова.БТ ӘБЖ Пән мұғалімдері	
Қалалық кіші пәндік олимпиада қорытындысы	Наурыз	Нурбайрова.Б.Т ӘБЖ	Талдау
II.2. Шығармашылық-интеллектуалдық байқауларға және спорттық жарыстарға қатысты шаралар			
Оқушыларды пәндер бойынша интеллектуалдық байқауларға қатыстыру	Жыл бойы	Таным ұйымының жетекшілері.Пән мұғалімдері	Анықтама
Математикалық регата	20-24.10	Пән мұғалімдері	Анықтама
Ғылыми-тәжірибелік конференция Тақырыбы: «Дарынды бала-ұлт болашағы» 9-10-сыныптар	Қаңтар	Сейлева.А.Т Кумарова.А.Н	Анықтама
Қашықтық байқауларға қатыстыру	Жыл бойы	Пән мұғалімдері	Мәлімет
III. Ғылыми-зерттеу бағытында ұйымдастырылатын шаралар			
«Дарындылық бағыт: ғылыми-ізденіске қадам» тақырыбында дөңгелек үстел	Қаңтар	Сейлева.А.Т	Анықтама
Оқушылар тандаған ізденіс тақырыптарын саралау, бағыт беру, пікір алмасу	Желтоқсан	ӘБЖ	Талдау
ЖОО-мен байланыс	Наурыз		Мәлімет
Мектепшілік жобалар:ізденіс,талпыныс,нәтиже			
Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша тақырыптық жобалар	Қараша	Пән мұғалімдері	Анықтама
Жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша жобалар	Желтоқсан	Пән мұғалімдері	Анықтама
Спорт және көлөнер бағытындағы жобалар	Ақпан	Пән мұғалімдері	Анықтама
Бастауыш сынып және МАД бірлестігінің жобалары	Наурыз	Пән мұғалімдері	Анықтама
IV. Қорытындылау шаралары			
Дарынды балалармен жүргізілген жұмыстардың қорытынды есебі	Мамыр	ӘБЖ Таным ұйымының жетекшілері	Талдау